

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 маусымдағы N 3556 өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 30 мамырдағы N 550 Өкімі

Президент пен Үкімет
актілерінің жинағында
(ПҰАЖ) жариялануға тиіс

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттарын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 маусымдағы N 3556 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 27, 239-құжат; 1999 ж., N 39, 331-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

өкім мәтінінің тақырыбы бұрынғы редакцияда қалдырылсын;

1-тармақта "Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын және жас журналистерге арналған гранттарын (стипендияларын)" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қоса беріліп отырған, Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттары туралы ереже бекітілсін.";

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттары туралы ереже осы өкімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттарының тағайындалуына, сыйлық лауреаттарының дипломдарын және гранттар алғандығы туралы куәліктерді дайындауға байланысты мақсаттарға республикалық бюджеттен қаражат бөлінуін қамтамасыз етсін."

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттарын (стипендияларын) тағайындау туралы қоғамдық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 маусымдағы N 3557 өкімі;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің жас публицистердің неғұрлым терең шығармашылық ізденістерін қолдауға арналған гранттарын (стипендияларын) тағайындау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 21 шілдедегі N 60 өкімі (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 39, 331-құжат).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 0 м а м ы р д а ғ ы

N 5 5 0 ө к і м і н е

ҚОСЫМША

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 1 9 м а у с ы м д а ғ ы

N 3 5 5 6 ө к і м і м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің
бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы
сыйлықтары және гранттары туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары (бұдан әрі - сыйлықтар) журналистерге (журналистер ұжымдарына) :

"Қазақстан - 2030" ұзақ мерзімді даму Стратегиясын , Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысын көрсетуге және жариялауға, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, қоғамда ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға;

демократиялық саяси мәдениетті қалыптастыруға және азаматтық қоғам институттарын дамытуға ;

Қазақстан журналистикасының, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына;

шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттің жағымды бейнесін нығайтуға ;

журналистиканың стильдері мен жанрларын инновациялық дамытуға қосқан елеулі шығармашылық үлесі үшін беріледі.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы гранттары (бұдан әрі - гранттар) журналистерге (журналистер ұжымдарына) олардың шығармашылық өсуі мен Қазақстан журналистикасының дамуын ынталандыру мақсатында тапсырылады.

3. Сыйлықтарды беру және гранттарды тапсыру Баспа, теледидар және радио күніне орай жүргізіледі.

4. Сыйлықтарды беруді және гранттарды тапсыруды Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын беру және гранттарын тапсыру жөніндегі Қоғамдық комиссияның (бұдан әрі - Қоғамдық комиссия) ұсынысымен Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қоғамдық комиссияның төрағасы болып табылады.

6. Қоғамдық комиссияның құрамына республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының, шығармашылық одақтардың, журналистердің қоғамдық бірлестіктерінің және мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

7. Қоғамдық комиссияның құрамын жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарының, шығармашылық одақтардың, журналистердің қоғамдық бірлестіктерінің және мүдделі мемлекеттік органдардың ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы бекітеді.

8. Қоғамдық комиссия сыйлыққа үміткерлер мен грант алушыларды тандауда мынадай өлшемдерді:

жарияланымдардың әділдігін;

көтерілген проблемалардың тереңдігін және оның шығармашылық тұрғыдан талдануын;

жұмыстардың әлеуметтік мәнділігін;

жарияланымдар туындатқан қоғамдық пікірді;

журналистің тәуелсіздігін, принципшілдігін;

жұмыстың шығармашылық толымдылығын басшылыққа алады.

9. Бұқаралық ақпарат құралдарының, шығармашылық одақтар мен журналистердің қоғамдық бірлестіктерінің басшылары үміткерлікке ұсынылған жұмыстарды жеке өздері беруге құқылы. Сыйлыққа үміткерлікке және грант алуға өз кандидаттарын ұсынған бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары Қоғамдық комиссияның отырысына шақырыла алады.

10. Қоғамдық комиссияның жұмыс отырыстары төрағаның немесе комиссия мүшелерінің қатарынан ол тағайындайтын адамның басшылығымен өткізіледі. Қоғамдық комиссияның сыйлыққа үміткерлер мен грант алушылар анықталатын қорытынды отырысы төрағаның басшылығымен өткізіледі. Сыйлыққа үміткерлер мен грант алушыларды анықтау Қоғамдық комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы қарапайым көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

11. Қорытынды отырысқа қатысуға мүмкіндігі болмайтын Қоғамдық комиссия
м ү ш е л е р і :

Қоғамдық комиссияның хатшысынан қарауға ұсынылған материалдарды сұратып
а л у ғ а ;

өзі қол қойған өтініші арқылы сырттай дауыс беруге құқылы.

12. Сыйлыққа үміткерлер мен грант алушыларға ұсыныстарды бұқаралық ақпарат құралдары, шығармашылық одақтар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар Қоғамдық комиссияның мекенжайына сыйлықтар берілетін және гранттар тапсырылатын жылдың 20 маусымынан кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

13. Ұсыныста кандидаттың шығармашылық жұмыстарының тақырыбын көрсету және оған қысқаша мінездеме берілуі қажет. Ұсынысқа конкурстық жарияланымдар немесе аудио және (немесе) бейне материалдар қоса берілуге тиіс.

14. Барлық ұсыныстар Қоғамдық комиссияда әділ түрде қаралуы тиіс.

Қоғамдық комиссияның сыйлықтар беру және гранттар тапсыру туралы ұсынысы хаттамамен ресімделеді және ол Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным
б о л ы п т а б ы л а д ы .

15. Берілетін сыйлықтар мен тапсырылатын гранттар мөлшерін және санын жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Сыйлықтар мен гранттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аударылады немесе тапсырылады. Сыйлықты беру немесе грантты тапсыру авторлар ұжымына берілген жағдайда, сомасы ұжымның барлық мүшелері арасында
т е н б ө л і н е д і .

16. Сыйлыққа үміткерлікке немесе грант алуға кандидат екі реттен артық ұсынылмайды. Сыйлық лауреаты немесе грант алушы алдыңғы сыйлық берілген немесе грант тапсырылған уақыттан бес жыл өткеннен кейін ғана қайта ұсыныла алады .

17. Сыйлыққа үміткерлікке және грант алуға ұсынылып, сыйлық лауреаты немесе грант алушы болмаған журналистер және (немесе) шығармашылық ұжымдар Қоғамдық комиссияның ұсынысымен Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен аталуы
м ү м к і н .

18. Сыйлық лауреатының дипломын және грант алғаны туралы куәлікті салтанатты жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті не оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы тапсырады.

19. Сыйлықтар беру және гранттар тапсыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің актілері республикалық баспасөзде жарияланады.